



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

### Список использованных источников

1. И.А. Краденных, А.В. Барсуковна. Стратегия развития золотодобывающих предприятий с учетом оценки внешних и внутренних влияющих факторов.
2. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.stat.gov.kz>
3. Годовой отчет предприятия АО «АК Алтыналмас» 2014 год, 2015 год, 2016 год.

ӘОЖ: 687

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

**Калдыкозова Құралай Талғатқызы**

*kuralay.kaldykozova@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ә.Тлесова

2020 жылы еліміз өндірісі өркендеген алпауыт елге айналуы қажет. Бұл - Елбасының халыққа дәстүрлі Жолдауында міндеттеген тапсырмасының бірі ретінде танылып отыр. Елбасымыз «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында бес басым бағытқа ерекше көңіл бөлді. Оның ішіндегі бізге маңыздысы - индустриялық бағдарламаны дамыту. Елбасымыздың тапсырмасы мақсатында қолға алынған Үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жеңіл өнеркәсіпті өркендетудің жоба-жоспары әзірленген болатын. Бұл құжатта шикізатты өңдеп – дайын өнімді сыртқы нарықтарға шығару, жоғары сапалы өнім өндіріп – жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне деген ішкі нарық қажеттілігін толықтай қамтамасыз ету және еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамту мәселесі көрсетілген болатын. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін Қазақстан жеткілікті әлеуетке ие болып табылады және республикада қолайлы факторлар мен алғышарттар бар. Бұл ретте саланың жай-күйін талдау оның күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін айқындау өте маңызды.

Соңғы жылдары еліміздің жеңіл өнеркәсібінде оң өзгерістер байқалып отыр. Алайда, Қазақстан индустриясындағы алдыңғы қатарлылардың бірі болуы үшін көп іс-әрекеттер жүйесі қажет. Қазіргі уақытта кәсіпорындардың 80%-дан астамы жеңіл өнеркәсіпте шағын және орта бизнестің субъектілері ретінде танылып отыр. Бұл саланың технологиялық даму бағыты табиғи шикізаттың, өндірістік қуаттар мен адами ресурстардың болуымен байланысты [1].

Елімізде жеңіл өнеркәсіптің табысты дамуына қолайлы жағдайлар мен алғышарттар көп болып табылады. Мысалы: Оңтүстік Қазақстан облысында жыл сайын 400-450 мың тонна шитті мақта жиналады екен. Қазақстан әлемдік тауар нарықтарына экспорттау мүмкіндігі бар өнімдерге: табиғи шикізат - мақта талшығының өндірісі (жылына 130-170 мың тонна), жүн (15-20 мың тонна) және былғары шикізаты 7,5 млн. данадан астам, табиғи шикізаттан жасалған көрсетілген өнімге сұраныс бар мата мен тоқыма, киім жатады [2].

Болашақ кезеңде саланы дамытудың негізгі бағыттарын тоқыма, тігін, былғары және аяқ киім өнеркәсібінде жергілікті шикізатты, яғни мақта, жүн, былғары өңдеу жөніндегі өндірістерді жаңғырту және әртараптандыру үшін ынталандырулар жасаумен тығыз байланыстырамыз.

Қосылған құны жоғары өнімдер шығару мақсатында [3]:

- Ақтөбе, Жамбыл, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында жүнді бастапқы өңдейтін кәсіпорындарды дамыту, ал Алматы облысында жүнді қайта өңдеу жөніндегі толық технологиялық циклды ұйымдастыру мақсатында жүн кластерін жасау үшін жүн бұйымдарын өндіретін кіші салаларды жаңғырту;

- «Оңтүстік» АЭА аумағында (ОҚО) қызмет түрлерін кеңейту арқылы кардтық және таралған мақта-қағаз тоқыма, мата мен дайын тоқыма бұйымдары, тоқыма мен матаны бояу және безендіру, сондай-ақ дайын тігін бұйымдары өндірісінің толық технологиялық циклын ұйымдастыру мақсатында, оның ішінде «Оңтүстік» АЭА қызмет түрлерін кеңейту есебінен мақтадан жасалған бұйымдар өндірісін (жібек маталар шығару, маталық емес тоқыма материалдар, кілем бұйымдары мен гобелендер, мақта целлюлозасын және оның туындыларын, мақта шикізатынан өндірілетін жоғары сапалы қағаз және былғарыдан жасалған бұйымдарын шығару);

- ауыл шаруашылығы жануарларының терісін тереңдете өңдеуді ұйымдастыру мақсатында былғары және аяқ киім кіші саласын, сонымен қатар Тараз және Семей қалаларында былғары-бағалы тері өндірістері негізінде бәсекеге қабілетті тауарлы былғары, тон-бағалы тері бұйымдары мен аяқ киім шығару өндірісін дамыту;

- бренд өнімін шығару үлгісінде (велоспортқа арналған бұйымдар) келісімшарттық өндірісті ұйымдастыратын кәсіпорындарды жаңғыртуды жүзеге асыру мақсатында тігіншіліктің кіші саласын қолдау шаралары қаралатын болады.

Іске асыру көзделіп отырған инвестициялық жобалар (облыстар бойынша) [4]:

- Шығыс Қазақстанда - «Былғары өндірісін реконструкциялау және жаңғырту»;

- Оңтүстік Қазақстанда - «Оңтүстік» АЭА-да қазіргі заманғы тоқыма өндірісін ұйымдастыру»;

- Оңтүстік Қазақстанда - «Су сіңіргіш мақта және целлюлоза шығару»;

- Оңтүстік Қазақстанда - «Тарамды және кардтық мақта-мата жібін шығаратын қазіргі заманғы өндірісті ұйымдастыру».

Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік қолдауымен көптеген жеңіл өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындар жұмыстарын дамытуға жағдайлар жасалуда. Мысалы:

- «Almaty Cotton Plant» (АХБҚ) компаниясы - мыңнан аса мамандар жұмыс істеуде, және де бұл компания жаңғыру мақсатында жаңа жабдықтармен қамтамасыз етіп, өндірісінде модернизация жасады.

- Шымкент қаласында жаңадан тоқыма кәсіпорындары «Ю-Текс» ЖШС, «Қазақ-Орыс текстиль Альянсы» ЖШС, «Меланж» АҚ ашылды, қазіргі уақытта қызмет етуде.

- Семейде былғары – үлбір кластері, яғни жүнді алғашқы өңдеу фабрикасының негізінде - «ҚазРуно» ассоциациясы құрылған болатын.

Қазақстанның ұзақ мерзімдік мамандардырылған экономикасын анықтайтын еліміздің кластерлер жүйесінің дамуы, міндетті түрде тоқыма және жеңіл өнеркәсіптерінің дамуына айтарлықтай әсерін тигізеді. Сондай-ақ, біздің еліміздегі шаруашылықтың және әлеуметтік кешеннің үлкен бөлігін -жеңіл және тоқыма өнеркәсіптері құрап отыр.


Еліміздің жеңіл өнеркәсібі ең алдымен өндірістік қуат пен материалдық ресурстарға мұқтаж. Қазіргі кезде саланың тиімділігінің негізгі сипаты - 6 пайыздан аспайтын төмен табыстылығы. Соңғы үш жылда негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемі 2,2 есе азайған. Республиканың кәсіпорындарында өндірістің саябырсуы немесе толық тоқтауына алып келетін басты түйткілге айналып отырған дәл осы айналым қаражатының жетіспеушілігі болып табылады. Себебі, саланың технологиялық ерекшелігіне байланысты өнім шығару мен сату кезеңі 7 айға негізделеді. Осындай кезеңде өте үлкен көлемдегі айналым қаражаты өндірісті қамтамасыз ету үшін бір жылға жететін шикізат қорын сатып алуға қажет болады. Сонымен қоса, бұл қаражат өндірушілер өз өнімін өткізіп болғанша ұзақ мерзімге керек. Өйткені, кәсіпорын жұмысы тоқтаған кезде барлық қайта өңдеу сатыларында станоктарда 30%-ға дейінгі шикізат қалады. Тоқыма өнеркәсібіндегі тиімділік бар болғаны 3-7%-ды ғана құрап, тек тігіп өңделгенде ғана 25-35 %-ға дейін өсім көрсетеді.

**Кесте 1 – ЖІӨ құрылымындағы және өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі жеңіл өнеркәсіптің үлесі [5]**

Көрсеткіш атауы	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж. 8 айы
-----------------	---------	---------	---------	---------	---------	------------------

ЖІӨ құрылымындағы жеңіл өнеркәсіп үлесі (%)	0,12	0,1	0,11	0,1	0,09	д.ж.
Өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі жеңіл өнеркәсіп үлесі (%)	0,3	0,2	0,3	0,4	0,3	0,5

Негізінен, негізгі капиталға салынатын инвестиция мемлекеттік несие ресурстары есебінен жүзеге асырылып отырады. Қазақстандық кәсіпорындардың көпшілігінің айтарлықтай күрделі қаржы салатындай мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ, банк қарыздарының қымбаттығына және кәсіпорындардың өздерінің өтімділігі төмен болуына байланысты олар қомақты несие де ала алмайды. Жай ғана мысалға алатын болсақ, Қазақстандағы коммерциялық банктердің қаржыландыру құны (мемлекеттік демеуқаржыларды есептемегенде) 12-14 %-ға, бірақ Қытайда бұл көрсеткіш – 6, Италияда – 4,3, Түркияда – 10,9, Үндістанда 12 пайызды құрайды. Сонымен қоса, Үндістан мен Қытайда және басқа елдерде саланы мемлекеттік қолдау аясында жеңілдікті қаржыландыру кеңінен қолданылады екен. Әрине, еліміздің жеңіл өнеркәсібін Қытай, Италия, Түркия сияқты жетекші елдердің жеңіл өнеркәсібімен салыстыра алмаймыз, бұл саланың даму деңгейін жақсартуымызға көп нәрсе қажет. Сонда да, бізде де жыл сайын өнім өндіру көлемі ұлғайтып келе жатқан бірқатар табысты кәсіпорындар бар.



Сурет 1 – Жеңіл өнеркәсіп тауарларын өндіру көлемінің динамикасы, мың теңге [5]

Еліміздің жеңіл өнеркәсіп нарығына Қытайдың әсері үлкен болып отыр. Жыл сайын өсіп бара жатқан жеңіл өнеркәсіп өнімдерін сырттан тасымалдау отандық тауарларға жоғары бәсекелестік тудыруда. Саланың дамуына - өндіріс орындарының 80 пайыздан астамының мемлекеттік тапсырысқа бейімделуі, олардың маркетингтік қызметінің әлсіздігі кері әсер етіп отыр.

Қазақстандық жеңіл өнеркәсіптің басты кемшіліктері – тиімділігінің төмендігі мен өтелімділік мерзімінің ұзақтығына байланысты инвестициялық тартымсыздығы, кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің төмендігі, кәсіпорындар қызметін маркетингтеудің әлсіздігі, өндірілетін тауарларды жарнамалаудың жоқтығы, негізгі қорлардың тозуы мен өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және айналым қаражатының жетіспеушілігі болып тұр. Яғни бұл кемшіліктерге «Қазақстанның индустрияны дамыту институты» АҚ Өңірлік және жергілікті өнеркәсіпті дамыту оталығының бас сарапшысы Айзада Илиясова зерттеу жүргізген болатын. Оның айтуынша, бизнесті қолдау және жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі салалық бағдарламаларды жүзеге асырудың нәтижесінде, 2008–2013 жылдар аралығында жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру нақты 2,3 есеге өсуіне ықпалын тигізді, 27,5 миллиард теңгеден 65,3 миллиард теңгеге дейін өсім болды. Осы уақытта жоғары қосылған құн салығы бар өнімдерді экспорттау көлемі 3 есе жоғарылап, 28,2 миллионнан 91,7 миллион АҚШ долларына дейін өсті. 2010-2012 жылдар аралығында «Бизнестің жол картасы – 2020»

бағдарламасы бойынша 383 жобаға қол қойылған екен. Екінші деңгейлі банктер және лизингтік компаниялар тарапынан жалпы көлемі 18,3 миллиард теңгенің несиесі беріліп, соның 1,6 миллиард теңгесін немесе 9 пайызын мемлекеттік қолдау қаржысы құраған. Сонымен қоса қызмет жасап тұрған өндіріс орындарын ынталандыру мен қолдаудың кешенді құралдары бар. «Өнімділік–2020» бағдарламасы бойынша жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін лизинг құны 2 есе төмендеп, 150 миллионнан 75 миллион теңгеге түсті. Алайда 2014 жылдың 1 қарашасына дейін бірде-бір өндіріс орындарынан өтім түскен жоқ [6].

Жеңіл өнеркәсіптің жай күйіне SWOT- талдау [7]

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шикізат ресурстарының жеткілікті мөлшері;</li> <li>- Үлкен нарықтарға жақындығы (Ресей, Қытай, Үндістан);</li> <li>- Әлемдік және ішкі нарықтардағы сұраныс көлік және энергетикалық инфрақұрылым өндірістік әлеует салыстырмалы түрде арзан жұмыс күші (яғни, елдің оңтүстігінде).</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жүн және былғары шикізатының сапасының төмен болуы;</li> <li>- өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі;</li> <li>- салаға күрделі қаржы жұмсалымының болмауы;</li> <li>- қосылған құны төмен тауарлар экспортының жоғары үлесі;</li> <li>- отандық брэндтердің іс жүзінде толықтай болмауы;</li> <li>- білікті кадрлардың жеткіліксіздігі;</li> <li>- негізгі қорлардың едәуір тозуы.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Тәуекелдер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- ЕурАзЭқ кеден одағына ену есебінен нарықты кеңейту;</li> <li>- шикізат (мақта, жүн, былғары) өңдейтін өндірісті дамыту;</li> <li>- толлингті, алыс-беріс шикізат өндірісін дамыту;</li> <li>- технологиялық көшбасшылардың тәжірибесін пайдалана отырып, өндірісті ұйымдастыру жолымен технологиялар трансферті.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- отандық өнім өндірісінің деңгейі экономикалық қауіпсіздіктің шекті деңгейінен төмен;</li> <li>- салаға инвестицияны жеткіліксіз тарту;</li> <li>- контрабандалық және контрафактілік өнімдер экспансиясының күшеюі;</li> <li>- әлемдік көшбасшылар тарапынан бәсекенің жоғарылығы.</li> </ul>

Жеңіл өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік қолдаудың негізгі шараларын бағалау кезінде кәсіпорындар «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Экспортер – 2020» бағдарламаларының тиімділігін орташа деп бағалады. Ал басқа бағдарламалар «дұрысы тиімсіздеу» деп бағаланды. Сол себепті саланы технологиялық жаңғырту, экономикалық саясаттың жүйелі шараларын жүзеге асыру, білікті кадрлармен және мемлекеттік қолдаудың жобалық жұмыстарымен қамтамасыз ету шаралары керек. Осы тұста қазіргі кездегі жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын мақта, жүн және ауылшаруашылық малдарының терілері сияқты шикізатпен қамту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуі, сондай-ақ қызмет көрсету-дайындау орталықтарын құру тиіс.

Қорытындылай келе, экономиканың кез-келген секторы секілді бұл саланың табысты жұмыс істеуі мақсатында еліміздің макроэкономикалық ахуал, нарық көлемі, білім беру жүйесі, инновацияны дамыту және басқа да баршаға ортақ бизнесті жүргізуге қолайлы жағдайлар жасауға талпыныстар жасағанымыз жөн.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Худова Л.Н. Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсіп саласының қазіргі ахуалы туралы // Innovats. тауарды өндіру технологиясы, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру.

prom-sti: Интернеттің материалдары. ғылыми-практикалық. Конф., Алматы, 25 мамыр 2012 ж. - С 59-61.

2. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

3. «Аналитикалық маркетингтік зерттеулер орталығы» АҚ материалдары. Алматы, 2013.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аналитикалық жинағы, Алматы, 2013 ж.

5. Республика агенттігінің ресми сайты. Қазақстан статистика бойынша [Электронды ресурс].

6. «Қазақстандық индустриалды даму институты» АҚ материалдары, Астана, 2013.

7. «Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсіп саласын дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасы» / М-Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технологиялар саласындағы мемлекеттік бағдарламасының мониторингі бойынша жедел есептілік. - Алматы, 2012 ж

УДК 440

## **УГРОЗЫ УСТОЙЧИВОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ НА МИРОВЫХ РЫНКАХ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ ХХІ ВЕКА**

**Карагул Айдана**

*Aygulya82@mail.ru*

студентка 4-курса специальности 5В050600-Экономика ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Научный руководитель - Учкампилова А.Б.

Обеспечение устойчивости национальной экономики на мировых рынках в условиях глобальных вызовов ХХІ века как фактор создания эффективной и конкурентоспособной экономики приобретают в последнее время особое значение для Казахстана.

Их важность возрастает в связи с предстоящим вступлением нашей страны во Всемирную торговую организацию (ВТО). В этой связи существенными становятся требования к действенности политических, правовых и экономических институтов по защите государственных интересов и интересов хозяйствующих субъектов в рамках национальных и международных правовых норм при соблюдении национальных традиций и ценностей. Это достигается путем своевременного выявления внешних и внутренних угроз экономической безопасности и принятия надлежащих мер по их устранению или смягчению их негативных последствий.

Угрозы экономической безопасности имеют, как правило, комплексный характер, прямо или косвенно воздействуя на все стороны социально-экономической ситуации. Их действие способно привести к утрате реального суверенитета. Анализ сложившейся социально-экономической ситуации в 36 стране и возможных тенденций ее развития показывает, что угрозы экономической безопасности можно сгруппировать по ряду направлений:

- угрозы макроэкономической стабильности;
- влияние высокого уровня инфляции на экономику;
- бюджетный дефицит;
- зависимость доходной части бюджета от внешнеэкономической;
- конъюнктуры недостаточное внимание к экологическим проблемам;
- слабое развитие малого бизнеса.

Угрозы макроэкономической стабильности страны. Целью макроэкономической политики является создание и поддержание благоприятных условий нормального функционирования и развития реального сектора экономики, повышение благосостояния